



«Нархоз Университеті» КЕАҚ
Ғылыми Кеңесінің шешімімен

«24» *сәуір* 2020 ж. Хаттама № _____

«БЕКІТІЛГЕН»

**«ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРУ ПӘНДЕРІ» ҒЫЛЫМИ-БІЛІМ БЕРУ
ДЕПАРТАМЕНТІНІҢ «АҚИҚАТ» ПІКІРСАЙЫС КЛУБЫ ТУРАЛЫ
ЕРЕЖЕ**

Алматы қаласы, 2020




МАЗМҰНЫ

Құжаттың паспорты.....	3
Келісу парағы	4
1. Жалпы ережелер	5
2. Мақсаты, міндеттері мен функциялары	5
3. Құрамы және қалыптастыру тәртібі	6
4. Жұмыс регламенті	6
5. Қатысушылардың құқықтары мен міндеттемелері	6
6. Қорытынды ережелер	7

ҚҰЖАТТЫҢ ПАСПОРТЫ

Құжаттың атауы:	«Нархоз университеті» КЕАҚ-ның «Ақиқат» пікірсайыс клубы туралы ереже
Қысқаша сипаттамасы:	Ереже «ЖББП» ғылыми-білім беру департаменті «Ақиқат» пікірсайыс клубының қызметін жоспарлау, ұйымдастыру және бақылау тәртібін айқындайды.
Тақырыбы:	ішкі құжат
Статусы:	колданыстағы
Бекіту уақыты:	24.11.2020 ж.
Іс-әрекеттің аяқталу уақыты:	мерзімсіз
Аудит уақыты:	11.05.2021 ж.
Аудитке жауапты тарап:	Гостенко Л.Н. Балхыбекова К.С.

КЕЛІСУ ПАРАҒЫ

Академиялық қызмет жөніндегі проректор	С.Ы.Өмірзақов	
Ректордың құқықтық мәселелер бойынша кеңесшісі	Л. Бисенғали	
«ЖББП» ҒББД-нің директоры	Л.Н. Гостенко	

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Ереже «Нархоз университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының (әрі қарай – Университет) «Ақиқат» пікірсайыс клубының (әрі қарай – Клуб) қызметін жоспарлау, ұйымдастыру және бақылау тәртібін айқындайды.

1.2. Клуб әлеуметтік-гуманитарлық бағыт бойынша білім алушылардың ғылыми қызметін жүзеге асыру мақсатында құрылған «Жалпы білім беру пәндері» ғылыми-білім беру департаментінің (әрі қарай – «ЖББП» ҒББД) ашық алаңы болып табылады.

1.3. Клуб өз қызметінде Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 9-ақпандағы №285-V «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заңын, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27-шілдедегі №319-III «Білім туралы» Заңын, Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 18-ақпандағы №407-IV «Ғылым туралы» Заңын, Университеттің Жарғысын, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің нормативтік құжаттарын, Университет ректорының бұйрықтары мен Ғылыми Кеңестің шешімдерін, әрі осы Ережені басшылыққа алады.

1.4. Клуб заңды тұлға болып табылмайды, ол өз қызметін өзін-өзі басқару қағидалары, шешімдер қабылдаудың алқалылығы мен өз мүшелерінің ерікті кіруі және тең құқықтығы қағидастарын басшылыққа алу жолымен қоғамдық бастамалар негізінде жүзеге асырады.

2. Мақсаты, міндеттері мен функциялары

Мақсаты:

2.1. Сыни тұрғыдан ойлауды қалыптастыру, студенттердің ғылыми мақалалар мен баяндамалар жазуы және олардың әр түрлі деңгейдегі конференциялар мен ғылыми форумдарға қатысуы үшін студент жастардың шығармашылық әлеуетін жандандыру.

Міндеттері:

1. пікірсайыстар мен талқылаулар арқылы студенттерді қазіргі заманғы гуманитарлық мәселелердің проблематикасына енгізу;
2. өз ойларын тұжырымдай және дәлелдей білуге үйрету;
3. өз пікірін білдіру хәм өз көзқарасын қорғай білу дағдыларын дамытуға жәрдемдесу.

Клуб жұмысына қатысу нәтижесінде студент келесілерді игереді:

- сауатты тұжырымдарды қолдану жолымен әр түрлі өзекті тақырыптар мен оқиғалар туралы өзінің дара пікірін білдіре алады;
- күрделі, оның ішінде дүниетанымдық мәселелермен байланысты сұрақтардың шешімін таба алады;
- пікірталасқа қатысуға, әр түрлі көзқарастарды сынау мен бағалауға, әрі өз ұстанымын дәлелді қорғауға қабілетті болады;

- шығармашылық міндеттерді өз бетінше тұжырымдауға, шешімдер табуға және нәтижелерін лайықты ұсынуға қабілетті болады;
- көпшілік алдында сөйлеу және сұхбат жүргізе білу дағдыларын меңгереді.

Функциялары:

- Клуб қызметі бойынша басымдыққа ие бағыттардың жоспарын әзірлеу;
- Клуб студенттерінің мақалаларын жариялау үшін керекті рецензиялар дайындау;
- Клуб қызметі жоспарының орындалуына мониторинг жүргізу, Клубтың ғылыми-зерттеу жұмысы жөніндегі есептерді әзір ету;
- ынтымақтастықты дамыту, Клубты жастар ортасында насихаттау, оның жұмысына мүдделес адамдарды тарту;
- Клубты құру, қайта ұйымдастыру және жабу бойынша ұсыныстарды қарастыру.

3. Құрамы және қалыптастыру тәртібі

3.1. Клуб «ЖББП» ҒББД-нде ғылыми-зерттеу және педагогикалық қызметті жүзеге асыратын «Гуманитарлық пәндер» секциясының профессор-оқытушылар құрамынан, сонымен қатар Университет студенттерінен қалыптастырылады.

3.2. Клуб құрамына келесілер кіреді:

- Клубтың жетекшісі – 1 адам;
- Клубтың ПОҚ-нан енген мүшелері – 4 адам;
- хатшы – 1 адам;
- 1, 2, 3 курс студенттері – шектеусіз.

3.3. Клубтың үйлестірушісі «ЖББП» ҒББД әкімшілік-басқарушылық персоналы қатарынан тағайындалады.

4. Жұмыс регламенті

4.1. Клуб мүшелігіне кіру ерікті болып саналады.

4.2. Клубтың қатысушылары студенттер де, оқытушылар да бола алады.

4.3. Клуб мүшелерінің ұсынысы бойынша мәжіліске қатысу үшін «ЖББП» ҒББД жұмыскерлері шақырылуы мүмкін.

4.4 Клубтың мәжілісі бір семестрде кем дегенде екі рет өткізіледі.

4.5. Егер кворум (Клуб мүшелерінің кем дегенде жартысы) қамтамасыз етілген, әрі қатысушылардың басым көпшілігі дауыс берген жағдайда, Клубтың шешімі қабылданды деп есептеледі. Клуб мүшелерінің дауыстары тең түскен кезде, жетекшінің даусы шешуші болып табылады.

4.6. Клубтың шешімдері хаттама түрінде рәсімделеді. Хаттамаға Клубтың жетекшісі мен хатшысы қолдарын қояды және ол хаттаманың үзінді түріндегі көшірмесі «ЖББП» ҒББД-нің тиісті мәселелер бойынша үйлестірушісіне жеткізіледі.

5. Қатысушылардың құқықтары мен міндеттемелері

Клубтың мүшелері тең құқыққа ие және бірдей міндеттемелер арқалайды.

5.1. Құқықтары:

5.1.1. Клубтың жетекшісі, мүшелері мен хатшысының құқықтары:

- Клубтың жұмысына еркін қатысу;
- құзіреттілікке жататын ұсыныстар енгізу;
- талқыланатын мәселелер бойынша ескертулер мен түзетулер енгізу;
- мәселеге ие тақырыптарды талқылауға шығару, сарапшылар шақыру;
- белгіленген регламентке сәйкес барлық қарастырылатын мәселелерді талқылауға қатысу.

5.1.2. Клубқа мүше студенттердің құқықтары:

- өздерінің құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін Клубтың қолдауына ие болу;
- Клубтың қызметі туралы ақпарат алу.

5.2. Міндеттемелері:

5.2.1. Клубтың жетекшісі, мүшелері мен хатшысының міндеттемелері:

- Клубтың активін қалыптастыру;
- Клуб активінің қызметін ұйымдастыру және үйлестіру;
- Клубтың барлық мәжілістеріне қатысу;
- осы Ережені қатаң ұстану және Клубтың осы Ережеде қарастырылған шеңберде қабылданған шешімдерін сапалы түрде орындау;
- Клубтың шешімдерін өз қызметінде басшылыққа алу жолымен өзіне қабылдаған міндеттемелерді тиянақты орындау;
- Клубтың жұмысына белсенді қатысу, Клубтың мәжілісіне шығарылған материалдарды дер кезінде және сапалы түрде қарастыру, белгіленген мерзім ішінде жазбаша ұсынымдар беру;
- Клубтың басшысын не хатшысын Клубтың кезекті мәжілісіне қатыса алмайтындығы немесе тапсырмаларды белгіленген мерзімде орындаудың мүмкін еместігі туралы дер кезінде хабардар ету.

5.2.2. Клубқа мүше студенттердің міндеттемелері:

- осы Ережеде бекітілген міндеттерді қатаң сақтау;
- Клубтың жұмысына белсенді қатысу;
- Клубтың мәртебесін арттыру және үнемі қолдау.

6. Қорытынды ережелер

6.1. Осы Ереже Университет Ғылыми Кеңесінің шешімі бойынша бекітіледі.

6.2. Осы Ережеге өзгерістер мен толықтырулар Университет Ғылыми Кеңесінің «ЖББП» ҒББД директорының ұсынысы бойынша қабылданған шешімі негізінде енгізіледі.

6.3. Осы Ереженің әрекет ету, яғни қолданылу мерзімі шектелмейді және ол Университет Ғылыми Кеңесінің шешімі бойынша уақытша тоқтатылуы немесе жойылуы мүмкін.

6.4. Клубтың қызметі Университеттің әкімшілігі немесе Клубтың қатысушылары қатарынан құрылған бастамашыл топтың ұсынысы бойынша Клубтың қатысушылары жалпы жиналысының шешімімен тоқтатылады.

Әзірлегендер:



Р.К. Тұрысжанова
ф.ғ.д., «ЖББП» ҒББД-нің
профессоры



Б.Б. Жаксыбаева
ф.ғ.к., қауымдастырылған
профессор

Тексеру туралы белгі:



Б.Б. Болатбек
Іс жүргізу және мұрағат бөлімінің
бастығы

«ЖББП» ҒББД-нің «Ақиқат» пікірсайыс клубы туралы Ережесімен таныстым:

№	Аты-жөні	Мерзімі	Қолы